


«Жалпы педагогика» кафедрасының отырысында мақұлданды:

Хаттама № 8 « 22 » 04 2026 ж

Кафедра меңгерушісі  А.М. Джанисенова

«Педагогика» факультетінің академиялық бюросының

Хаттама № 8 « 23 » 04 2026 ж.

АБ төрағасы  А.И. Мамбетова



МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер.....	4
2. Негізгі терминдер және олардың анықтамалары.....	4
3. Арнаулы емтихан өткізудің мақсаты.....	4
4. Арнаулы емтихан өткізілетін білім беру бағдарламаларының тізімі.....	5
5. Педагогикалық білім беру бағдарламаларына қабылдау реті	5
6. Арнаулы емтихан сұрақтарының (педагогикалық жағдаяттарының) үлгілері.....	7
7. Пайдаланылған әдебиеттер	27
8. Қосымша 1	28

1. Нормативтік сілтемелер:

Осы бағдарлама мынадай нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

1.1. Қазақстан Республикасының Конституциясы;

1.2 "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

1.3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы ;

1.4 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2025 жылғы 21 қазандағы № 490 бұйрығы

1.5 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің немесе жоғары кәсіптік білімді басқарудың ведомстволық бағынысты органының басқа да нормативтік актілерін;

1.6 Университет жарғысы;

1.7 Жыл сайынғы университетке қабылдау ережелері;

1.8 Емтиханды өткізудің мақсаты мен міндеттері.

2. Негізгі терминдер және олардың анықтамалары:

ҚК - қабылдау комиссиясы

ҚК төрағасы

ҚК жауапты хатшысы

ҰБТ- ұлттық бірыңғай тестілеу

ТКТ- талапкерлерді кешенді тестілеу

БББ – білім беру бағдарламасы

3. Арнаулы емтихандарды өткізудің мақсаты:

3.1 Неғұрлым дайындалған үміткерлерді анықтау үшін педагогикалық БББ түсушілердің білім деңгейін және оқуға деген мүддесін анықтау - арнаулы емтиханның мақсаты болып табылады.

Арнаулы емтиханың міндеттері:

- БББ мәселелері бойынша үміткерлердің құзіреттіліктерін анықтау;

- оқу мүддесін және болашақтағы кәсіби қызметтерін анықтау.

3.2 Педагогикалық мамандыққа түсу кезінде арнаулы емтиханның мақсаты талапкерлердің педагогикалық қызметке бейімділігін анықтау болып табылады.

3.3 Педагогикалық жағдаятты шешу кезінде талапкерге педагогикалық көзқарасты талап ететін факт, өмір тарихы ұсынылады.

3.4 Нәтижелерді бағалау кезінде қалыптасқан жағдайды шешудің ұсынылған тәсілінің конструктивтілігі мен негізділігі ескеріледі; ахуалға және оның туындау септеріне жедел бағдарлай білу; әсер ету нәтижелерін болжай білу.

4. Арнаулы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары:

B001	Педагогика және психология
B005	Дене шынықтыру және спорт мұғалімдерін даярлау
B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
B009	Математика мұғалімдерін даярлау
B010	Физика мұғалімдерін даярлау
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау
B012	Химия мұғалімдерін даярлау
B013	Биология мұғалімдерін даярлау
B014	География мұғалімдерін даярлау
B015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау
B020	Арнайы педагогика

5. Педагогикалық білім беру бағдарламаларына қабылдау реті:

5.1 Педагогикалық мамандықтар бойынша оқуға қабылдау Есенов Университетінің қабылдау комиссиясы өткізетін арнаулы емтихан нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

5.2 Арнаулы емтихан педагогикалық мамандықтарға түсу кезінде оқуға түсушілердің педагогикалық қызметке бейімділігін анықтауға бағытталған.

5.3 Педагогикалық мамандықтарға түсу үшін оқуға түсушілердің өтініштерін қабылдауды және арнаулы емтихан өткізуді Есенов Университетінің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

5.4 Педагогикалық мамандықтарға түсуші тұлғалар университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін бір арнаулы емтихан тапсырады.

5.5 Педагогикалық мамандықтарға түсуші тұлғалар үшін төмендегідей пәндерден баллдар ескеріледі:

- Қазақстан тарихы бойынша;
- Математикалық сауаттылық;
- Оқу сауаттылығы (оқыту тілі);
- Екі бейіндік пән.

5.6 Жеделдетілген оқу мерзімімен, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтарға түсетін тұлғалар үшін баллдар ескеріледі:

- Жалпы бейінді пән бойынша;
- Бейіндік пән бойынша.

5.7 Үміткерлерге арнаулы емтихан бекітілген кесте бойынша Есенов Университет өткізіледі.

5.8 Арнаулы емтихан компьютерлік жазбаша емтихан (эссе) нысанында оқуға түсуші үміткерлердің таңдауымен екі тілдің біреуінде (қазақ, орыс) жүргізіледі.

Емтиханның өтуінің барлық рәсімі бейнекамераларда сақталады. Емтиханның өтуінің болжамды уақыты: .

- жазбаша емтихан — эссе (60 мин);
- арнаулы емтихан өткізу үлгісі: компьютерде берілген педагогикалық жағдаятқа жауап беру;

- жазбаша емтиханға педагогикалық мамандыққа түсуші барлық үміткерлер қатыса алады.

5.9 Педагогикалық жағдаят - бұл, әдетте, мұғалімнің немесе тәрбиешінің кәсіби іс-әрекеті барысында пайда болған және әрі қарай шешуді талап ететін белгілі бір міндеттер мен психологиялық - педагогикалық жағдайларды тудырған өмірлік жағдайлар, фактілер мен тарих.

5.10 Әр емтихан билеті үш педагогикалық жағдайдан тұрады.

5.11 Педагогикалық мамандықтарға түсушілер үшін арнаулы емтихан «рұқсат» немесе «жібермеу» түрінде бағаланады.

5.12 Арнаулы емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін Есенов Университетінің президент-ректордың бұйрығымен емтихан өткізу кезеңінде комиссия құрылады, ол оның төрағасын қоса алғанда, комиссия мүшелері тақ саннан тұрады. Егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, комиссияның шешімі заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

5.13 Арнаулы емтихан кестесін қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және университеттің сайтында және ақпараттық стендінде орналастыру арқылы оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

5.14 Арнаулы емтиханға рұқсат алу үшін талапкер түсу кезінде алдын ала Есенов Университетінің қабылдау комиссиясына тіркелуі тиіс.

5.15 Аудиторияға түсушіге арнаулы емтихан өткізуге рұқсат беру жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

5.16 Арнаулы емтихан басталғанға дейін түсушілерге өткізу тәртібі түсіндіріледі, сондай - ақ арнаулы емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау және апелляцияны өткізу уақыты мен орны көрсетіледі.

5.17 Арнаулы емтихандарды өткізу кезінде оқуға түсушілер:

- 1) тыныштықты сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушылармен және басқа түсушілермен сөйлеспеу;

- 2) емтихан материалдарымен алмаспауға, оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттерді, мобильді байланыс құралдарын аудиторияға кіргізбеуі және пайдаланбауы;

- 3) аудиторияда жүрмеу, басқа орынға ауыспау;

- 4) емтихан алушының рұқсатынсыз арнаулы емтихан аяқталғанға дейін емтихан аудиториясынан шықпауы тиіс.

5.18 Арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат беру ведомостімен, комиссия хаттамасымен еркін нысанда рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына комиссияның төрағасы және қатысып отырған барлық мүшелері қол қояды.

5.19 Арнаулы емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

5.20 Арнаулы емтихан нәтижелері бойынша оқуға түсушіге ведомостан үзінді беріледі, олар студенттің жеке ісіне тігіледі.

5.21 Емтихан өткізу кезеңінде арнаулы емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, емтихан тапсыратын тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында Есенов Университетінің президент-ректордың бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, ол оның төрағасын қоса алғанда, тақ саннан тұрады.

5.24 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы емтихан тапсырған тұлғаның өзі береді, арнаулы емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00 - ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

5.25 Егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, апелляциялық комиссияның шешімі заңды болып саналады. Арнаулы емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім Комиссияның қатысып отырған мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық қатысушы мүшелері қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

5.26 Есенов Университеті оларға бес күнтізбелік күн ішінде ҚР БҒМ-ге: еркін нысандағы арнаулы емтиханды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, арнаулы емтиханның қорытындысы туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

6. Арнаулы емтихан сұрақтарының (педагогикалық жағдаяттың) үлгілері:

№1 жағдаят: Сыныптағы сабақ үстінде бір оқушы үнемі кедергі жасап, партасына жатуға тырысады, зерігіп отырғанын білдіреді. Оқушының сабаққа қызықпауы себепті мұғалімнің іс-әрекеті қандай болуы керектігі талданады. Мұғалім ретінде бұл жағдайға қалай қарайсыз?

Ситуация №1: анализируются действия учителя в случае, если ученик не проявляет интереса к уроку. Как бы вы отнеслись к этой ситуации как педагог?

№2 жағдаят: Күтпеген тексеріс жағдайындағы оқушының қобалжуын қалай бағалау керек және оқушының мінез-құлқына қандай психологиялық себеп болуы мүмкін?

Ситуация №2: как следует оценивать волнение ученика во время неожиданной проверки и какие психологические причины могут лежать в основе его поведения?

№3 жағдаят: Мұғалім жаңа тақырыпты түсіндіріп жатқанда оқушы: «Бұл тақырып өмірде неге керек?» – деп сұрады. Мұғалім ретінде сіз бұл сұраққа қалай жауап берер едіңіз?

Ситуация №3: во время объяснения новой темы ученик спросил: «Зачем эта тема нужна в жизни?». Как бы вы ответили на этот вопрос как учитель?

№4 жағдаят: Жаңа жұмысқа орналасқан мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынасында пайда болған кедергілерді жою жолдарын талдау қажет етіледі.

Ситуация №4: необходимо проанализировать пути преодоления трудностей, возникших во взаимоотношениях между новым учителем и учениками.

№5 жағдаят: Топтық жұмыс кезінде туындаған жанжалды шешу үшін бірінші кезекте қандай шешім қабылдайсыз?

Ситуация №5: Какое решение вы примете в первую очередь для разрешения конфликта, возникшего во время групповой работы?

№6 жағдаят: Жас маманды келемеждеу кезінде сіздің педагогикалық әрекетіңіз қандай болар еді?

Ситуация №6: Какими были бы ваши педагогические действия в ситуации, когда молодого специалиста высмеивают?

№7 жағдаят: Үйде интернет пен жағдайдың болмауына байланысты оқушы тапсырманы орындай алмайды. Сіздің әрекетіңіз қандай болар еді?

Ситуация №7: Ученик не может выполнить задание из-за отсутствия интернета и необходимых условий дома. Какими были бы ваши действия?

№8 жағдаят: Бағаның әділетсіз қойылуы туралы ата-ана шағымданады. Осындай жағдайда сіз өз әрекетіңізді қалай негіздеп түсіндіресіз?

Ситуация №8: Родители жалуются на несправедливо выставленную оценку. Как вы обоснуете и объясните свои действия в такой ситуации?

№9 жағдаят: Сабақ үстінде оқушы жауап бере алмай, қобалжып жылайды және оған сыныптастары күледі. Мұндай эмоционалдық жағдайда мұғалім қандай әрекет етуі керек?

Ситуация №9: Во время урока ученик не может ответить, начинает волноваться и плачет, а одноклассники смеются над ним. Какие действия должен предпринять учитель в такой эмоциональной ситуации?

№10 жағдаят: Оқушының ата-анасы мектепке келіп, баласының бағасы әділетсіз қойылғанын айтып, ашулы күйде директорға шағым түсіреді. Осындай жағдайда сіз өз әрекетіңізді қалай негіздеп түсіндіресіз?

Ситуация №10: Родители ученика приходят в школу и в раздражённом состоянии жалуются директору, утверждая, что оценка их ребёнку была выставлена несправедливо. Как вы обоснуете и объясните свои действия в такой ситуации?

Қалған тапсырмалар төмендегідей тақырыптар төңірегінде ұсынылады:/
Оставшиеся задачи предлагаются по следующим темам:

- Практикантты сынау / Критика практиканта
- Ереже бұзатын оқушы және ата-ананың жауапсыздығы / Ученик, нарушающий правила, и безответственность родителей
- Инклюзивті ортадағы оқшаулану / Изоляция в инклюзивной среде
- Тәрбие сағаты кезіндегі қиындықтар / Трудности во время воспитательного часа
- Сабаққа құлықсыз, сәнге құмар қыз баланың тәртібі / Поведение девочки, увлечённой модой и не проявляющей интереса к учёбе
- Дәптерін лақтырып, тапсырма орындаудан бас тартқан оқушы / Ученик, бросивший тетрадь и отказавшийся выполнять задание
- Топ ішіндегі қарым-қатынасты қалпына келтіру / Восстановление взаимоотношений внутри группы
- Бәрін өзі орындағысы келетін дарынды оқушыға педагогикалық ықпал жасау / Педагогическое воздействие на одарённого ученика, стремящегося всё делать самостоятельно
- Жеке гигиена тақырыбына қарсылық / Сопротивление теме личной гигиены
- Театрландырылған көріністегі топтық шиеленіс / Конфликт в группе при подготовке театрализованной постановки
- «Махаббат пен достық» тақырыбына күлкі / Насмешки над темой «Любовь и дружба»
- Концертке дайындықтағы жауапсыздық / Безответственность при подготовке к концерту
- Бір оқушының шектен тыс көшбасшылығы / Чрезмерное лидерство одного ученика
- Әлеуметтік желідегі келемеж видео / Оскорбительное видео в социальных сетях
- Ұлтына байланысты мазақтау / Насмешки по национальному признаку
- Мұғалімнің тез сөйлейтінін және күрделі сөз қолданатынын сынау / Критика учителя за слишком быстрый темп речи и использование сложных слов
- Зерттеу тапсырмасындағы қиындықтар / Трудности при выполнении исследовательского задания
- Тапсырма орындаудан бас тартқан оқушымен жасалатын әрекет / Работа с учеником, отказавшимся выполнять задание
- Сабақтың өмірлік маңызын жоққа шығарған оқушылар / Ученики, отрицающие практическую значимость урока
- Белсенді әдістерден шаршаған оқушылар / Ученики, уставшие от активных методов обучения

- Сынып жетекшісі ретінде ата-анамен байланыс қиындығын шешу / Решение трудностей во взаимодействии с родителями как классный руководитель

- Ата-ананың ашулы шағымы / Жалоба родителей в эмоциональной форме

- Ата-аналар жиналысындағы дау / Конфликт на родительском собрании

- Үйдегі қиындық әсері / Влияние семейных трудностей на ребёнка

- Үй тапсырмасына ата-ананың қарсылығы / Несогласие родителей с домашними заданиями

- Әлеуметтік желідегі мұғалім туралы пікір / Публикации и комментарии о учителе в социальных сетях

- Мектеп формасына қарсылық / Сопротивление школьной форме

- «Әзіл» деп ақталған қорлау / Оскорбление, оправданное как «шутка»

- Үздік оқушының дәрежі мінезі / Грубое поведение отличника

- Сенбілікке келмеу / Неявка на школьный субботник

- Дарынды оқушының тұйықталуы / Замкнутость одарённого ученика

- Назар аудартқысы келетін оқушы / Ученик, стремящийся привлечь к себе внимание

- Дарынды оқушының тәкаппарлығы / Высокомерие одарённого ученика

- Мұғалімнің сырт келбетін әзілдеу / Насмешки над внешностью учителя

- Шаршаңқы оқушы / Постоянно уставший ученик

- Дарынды оқушының жобадан бас тартуы / Отказ одарённого ученика от участия в проекте

- Телефонды алып қою және ата-ана қарсылығы / Изъятие телефона и недовольство родителей

- Оқшауланған оқушының ашуы / Агрессивная реакция изолированного ученика

- Дарынды оқушының мұғалімді сынауы / Критика учителя со стороны одарённого ученика

- Қиын оқушының ашық наразылығы / Открытый протест трудного ученика

7. Әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Баймуханова А.М., Құсайынова М.А. Жалпы педагогика. Оқу құралы. Қарағанды: (Барнту), 2011. - 98 б.

2. Маленков Л.И. Қазіргі мектептегі білім. - М., 1999.

3. Подласый И.П. Бастауыш мектеп педагогикасы. - М.: Владос, 2000-400б.

4. Рожков М.И., Байбородова Л.В. Оқу процесін ұйымдастыру: VLADOS, 2000. - 256 б.
5. Харламов И.Ф. Педагогика: Оқу құралы. - 4-ші жазба, - М.: Гардарики, 2000. - 519 б.
6. Абрамова А.С. Практикалық психология. – М., 1990
7. Педагогикалық психология: ЖОО арналған оқу құралы. (Екінші, Тоықт Откен, Zahne қауға өнд) / Орыс тіліне аударған Құсайынов М. - М: логотиптер. Алматы: TST- компания, 2005. – 368 б.
8. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы. Учебное пособие. 3-изд. Алматы: 2013.

Қосымша әдебиеттер:

1. Бондаревская Е.В. Педагогикалық мәдениет - әлеуметтік және жеке құндылық // Педагогика. - М., 2003. - №3.
2. Алдамұратов Е. Жалпы психология. - Алматы, 1996 ж.
3. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері / Қайта өңделген. - Алматы, 2004.
4. ҚР Білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан 26.12.09.
5. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Алматы: ҚУ, 2014ж.
6. Мынбаева А.К., Садвақасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. –Алматы, 2011.

Педагогикалық ситуацияны бағалау көрсеткіштері:

Көрсеткіштері	Әріптік	Баллдық
мәселенің себептерін сипаттай білу		
психологиялық-педагогикалық әдістері мен стратегиясын таңдай білу негіздемесі	A,+A-	90-100
мәселені шешу жолдарын сипаттау		
шығармашылық		
түпнұсқаулық, ерекшелігі		
дәлелділік		
Жазу сауаттылығы жоғары		
мәселенің себептерін сипаттай білу	B, B+,B-	70-89
психологиялық-педагогикалық әдістерді меңгеру деңгейі орташа		
шығармашылық		
мәселенің себептерін сипаттау түсіндіру деңгейі орта	C, C-C+	50-69
Мәселенің себептерін түсіну деңгейі орта		
психологиялық-педагогикалық әдістерді қолдану деңгейі төмен	D, D-	0-49
мәтінде орфографиялық қателер		
мәселенің себептерін сипаттай білмейді		
психологиялық-педагогикалық әдістері мен стратегиясын таңдай білу төмен		
мәселені шешу жолдарын сипаттамаған		
шығармашылық жоқ		
дәлелділік жоқ		
Жазу сауаттылығы төмен		
Көрсеткіштері	Әріптік	Баллдық
мәселенің себептерін сипаттай білу		

психологиялық-педагогикалық әдістері мен стратегиясын таңдай білу негіздемесі		50-100 (жіберіледі)
мәселені шешу жолдарын сипаттау		
шығармашылық		
түпнұсқаулық, ерекшелігі		
дәлелділік		
жазу сауаттылығы жоғары		
психологиялық-педагогикалық әдістерді қолдану деңгейі төмен		0-49 (жіберілмейді)
мәтінде орфографиялық қателер		
мәселенің себептерін сипаттай білмейді		
мәселені шешу жолдарын сипаттамаған		
шығармашылық жоқ		
дәлелділік жоқ		
жазу сауаттылығы төмен		

Апелляциялық шағым

Егер студент арнайы емтихандағы комиссия мүшелерінің қойылған бағаларына қанағаттанбау жағдайында апелляциялық шағым түсіре алады.

Апелляциялық өтінім Есенов Университетінің Президент-ректор атына жазылады, бекітілген апелляциялық комиссия құрамына тексеруге жіберіледі.